

Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереженің
№5 Қосымшасы

Ресми рецензент, PhD, қауымдастырылған профессор Куркимбаева Айжан Муратовнаның «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Жазыкова Раушан Балғалиевнаның «Ономастикалық дискурстың ерекшеліктері» атты тақырыпта жазған диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация <u>Қазақстан Республикасының Үкіметі</u> жанындағы Жоғары ғылыми-	«Ономастикалық дискурстың ерекшеліктері» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған. Диссертацияның зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Әлеуметтік және

		<u>техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» басым бағыты бойынша орындалған ЖТН АР 09259776 – «Ономастикалық дискурс: мифологиялық аспекті» гранттық қаржыландыру жобасы (2021-2023 жж.) сияқты нормативтік-құқықтық құжаттарда белгіленген міндеттермен үйлеседі.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы</u> <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертант Жазыкова Раушан Балғалиевна өз зерттеуі барысында қазіргі тіл білімінің когнитивті-дискурстық сияқты жаңа бағыттарының теориялық-әдіснамалық негіздеріне сүйене отырып, ономастикалық дискурсты қазақ тілдері материалдары негізінде талдап, аталған жұмыстың ғылымға маңыздылығын ашқан. Диссертацияда ономастикалық атаулар дискурстық аспектіде қаралып, дискурстық бірлік ретінде алғаш рет талданды. Ономастикалық дискурсты зерттеудің теориялық негізі ономастика мен дискурс талдау теориясының сабақтастырылуынан шығарылды. Диссертант «ономастиканың дискурстық аспектісі дегеніміз – жалқы есімдерді ономастика теориясы шеңберінде дискурстық тұрғыдан зерттейтін бағыт» деп анықтама берген (34-35 бб.). Ономастикалық мәтін мен ономастикалық дискурс айырмасы анықталған (39 б.). Диссертант ономастикалық дискурс пен мәтінді өзара ажыратып талдау тәжірибесінің негізінде 5 қадамнан тұратын ономастикалық дискурсты талдау және 6 қадамнан тұратын ономастикалық мәтінді талдау алгоритмін ұсынған (44-45 бб.).

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Орындалған ғылыми-зерттеу жұмысының дербестік деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген Автор ғылыми әдебиеттерге шолу жасай келіп, өз тарапынан ономастикалық дискурс, дискурс бірлігі, дискурстық құрал, дискурстық рөл, дискурстық өріс терминдеріне анықтама берді. Мысалы, «Ономастикалық дискурс – белгілі бір этносқа тән тарихи, тілдік және мәдени ақпаратты бойына сіңірген жалқы есімдердің коммуникативтік жағдаятта зерделенуі. Бұл атаулар когнитивтік құрылымда орнығып, ұрпақтан ұрпаққа ұлттық код ретінде тасымалданады» деген анықтама береді (27 б.). Дискурстық бірлік – дискурстың құрамындағы құрылымдық семантикалық компонент ретінде танылып, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, реплика, абзац немесе тұтас мәтін түрінде көрініс береді. Бұл бірлік нақты коммуникативтік жағдаят аясында мағыналық және прагматикалық тұтастыққа ие (49 б.).
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Таңдап алған тақырыптың өзектілігі ономастиканы дискурстық аспектіде қарастырумен және ономастикалық атаулар — тек номинациялық бірлік қана емес, сонымен қатар тарихи жадты, ұлттық-мәдени кодты, ұлттық бірегейлікті сақтаушы маңызды дискурстық элемент екендігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар мемлекеттік тіл саясаты мен қоғамдық пікір ономастикалық дискурспен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, ономастикалық атауларды дискурстық аспектіде зерттеу — ұлттық болмыс пен тіл саясатының өзара байланысын ашуға мүмкіндік беретін,

		қазақ тіл білімінде әлі де тереңдей қоймаған, өзекті ғылыми бағыт болып табылады (7 б.).
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <u>1) айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай белгіленген (12-13 бб.). Диссертация тақырыбы және оның ішкі мазмұны да ономастикалық дискурсты қазақ тілі материалдары негізінде зерттеуге бағытталған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері оның тақырыбымен толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (8 б.). Диссертант бұқаралық ономастикалық дискурсты географиялық, тарихи, лингводеректану, лингвомәдениеттану, лексикографиялық, лексикологиялық, логикалық, ономастиологиялық, психологиялық, семасиологиялық, семиотикалық, терминологиялық, этнолингвистикалық, когнитивтік, функционалды, мәдениаралық коммуникация аспектісінен сипаттап, қазақ ономаст-ғалымдарының зерттеулерін талдап, олардың ономастика мәселелерін дискурстық аспектіде қарағандығын анықтаған. Ономастикалық дискурс бірліктерінің дискурстық құрал ретінде қолданылуы мен дискурстық рөлі, дискурста түзетін дискурстық өрісі нақты «Ұмай-ана» мифонимінің мысалы негізінде талданған (50-57 бб.).
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және 3 қосымшадан тұрады.

		<u>1) толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан толық байланыстырған және жүйелі түрде берген. Диссертацияда ономастикалық дискурстың зерттелуіне тоқтала отырып, «ономастикалық дискурс» терминіне анықтама беріп, ономастикалық дискурстың прагматикалық, семантикалық, когнитивтік және мәдени ерекшеліктерін саралап көрсеткен.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бар. Р.Б. Жазыкова ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдістер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, «ономастика», «дискурс», «оним», «ономастикалық мәтін» туралы айтылған өзге ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған. Диссертант өз тарапынан «ономастикалық мәтін – белгілі бір атауға қатысты баяндалған тарихи немесе ғылыми сипаттамалар, зерттеулер, ресми құжаттар мен әңгімелер жиынтығы» деп анықтама берген (39 б.).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысының нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Себебі, ономастикалық атаулар дискурстық аспектіде қаралып, дискурстық бірлік ретінде алғаш рет талданды. Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа екендігі Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналда 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала және халықаралық конференция

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	жинақтарында 4 мақаланың жариялануымен расталады. Зерттеуде алынған қорытындылар толығымен жаңа. 1. Онимдерге ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтін тұрғысынан талдау жасау алгоритмі алғаш рет ажыратылып ұсынылды. Диссертант 5 қадамнан тұратын ономастикалық дискурсты талдау алгоритмі және 6 қадамнан тұратын ономастикалық мәтінді талдау алгоритмін ұсынған (44-45 бб.). 2. Ономастикалық атаулардың дискурстық өрісі, нақты айтқанда, «Ұмай ана» онимінің дискурстық өрісі дискурс-мәтіндер аясында талданған. «Ұмай ана» атауына қатысты тоғыз мәтінді когнитивтік деңгейде орныққан дискурс мәтіндер ретінде қарастырған (47-61 бб.). Онимдердің дискурстық стратегияларға сай семантикалық трансформациялануы, символдық мәнге ие болуы, идеологиялық құрал ретінде жұмсалуды («Димаш феноменін» талдау), мәдени және әлеуметтік кодтық мәндері (Ұмай-ана онимін талдау) сипатталған. 3. Өзіне дейін жазылған ономаст-ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, ономастиканы зерттеудің санамаланған аспектілері қатарын дискурстық аспектімен толықтырып ұсынған (34-35 бб.) және «ономастикалық дискурс – белгілі бір атаудың тарихи, мәдени және саяси мәнмәтінде қолданылуы мен өзгеруін зерттейтін дискурстық кеңістік» деп анықтаған (39 б.). 4. Ономастикалық дискурс бірлігінің әлеуметтік және мәдени код ретіндегі сипаты, олардың айырмашылығы «Астана» қаласы атауының әр жылдардағы өзгерісін талдау негізінде зерделенген (40-44 бб.).
--	--	--	--

		5. Диссертант «мәдени код дегеніміз – ономастикалық бірліктердің белгілі бір мәдениетке тән құндылықтар мен ұғымдарды, символдық мағыналарды жеткізу қабілеті», «әлеуметтік код – ономастикалық бірліктердің белгілі бір әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынастарды, қоғамдық рөлдерді және статус айырмашылықтарын білдіру қабілеті» деген анықтамалар ұсынған (59 б.). 6. «Қазығұрт» онимінің когнитивтік 7 моделі, «Ырғыз» онимінің когнитивтік 3 моделін анықтап, олардың құрамындағы ұғымдық (фактуалды), бейнелі-ассоциативтік және аксиологиялық компоненттері сараланып қарастырылған (74-75 бб., 80 б.). 7. Халықтық лингвистика мен ономастикалық дискурс айырмасы анықталып, нәтижесінде халықтық лингвистикадағы этнонимдік атаулардың мифологиялық уәжі салыстырмалы кестеде ұсынылған (106-108 бб.). 8. Ономастикалық дискурс тұрғысынан танымал есімдерді дискурстық бірлік, дискурстық құрал, дискурстық рөл, сондай-ақ олардың әлеуметтік және мәдени код ретінде қызмет етуі талданып, сипатталған (109-128 бб.).
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. «Ұмай ана» мифонимінің дискурстық мазмұнын тану мақсатында Google платформасында сауалнама жүргізілген (53 б.). Қазіргі тілдік тұлғалар арасында есім мазмұнында бекітілген тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке

			кабылдау арасындағы байланысты зерттеу мақсатында Google платформасында сауалнама жүргізілген (115-117 бб.). Есімдердің ономастикалық дискурстық сипатын нақты талдау мақсатында ата-аналар арасында сауалнама алынып, талданған (125-128 бб.).
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан аса ауқымды когнитивтік, этнолингвистикалық, концептуалдық, дискурстық талдау, салыстырмалы тіл білімі, лингвомәдениеттану т.б. теориялық-әдістанымдық дәлелдемелерге негізделген және эмперикалық зерттеулердің нәтижелерінен туындайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің	Бірінші қағидат дәлелденді, себебі ономастикалық дискурстың лингвистикалық мәні тілдік жүйеде, ал дискурстық мәні коммуникативтік жүйеде анықталатындығы негізделді. Тривиалды емес. Қағидат жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген, мысалы: - Ономастикалық дискурстың ерекшеліктері // Межкультурный диалог на Евразийском пространстве: Материалы Всероссийской (с международным участием) научно-практической конференции, посвященной 85-летию доктора филологических наук, профессора, лауреата Государственной премии РБ имени С. Юлаева, кавалера ордена С. Юлаева, заслуженного деятеля науки Республики Башкортостан, Народного поэта Республики Башкортостан Рашита Закировича Шакурова,

	тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	приуроченной к Году культурного наследия народов РФ, г. Уфа, 14 апреля, 2022г. – Уфа: БГПУ им. М. Акмуллы, 2022. -300 с. 282-284 стр. -Ономастикалық дискурс мәселелері // Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде 2025 жылдың 14-15 сәуірінде жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған «Жастар, ғылым және инновация» атты ХХІ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. 14 сәуір 2025 жыл. – Том 1, 238-241 бб. Екінші қағидат дәлелденді, себебі ономастикалық дискурста атаулар когнитивтік-дискурстық сипатқа ие екендігі айқындалды. Нәтижесінде, «Ұмай ана» атауына қатысты тоғыз мәтінді когнитивтік деңгейде орныққан дискурс-мәтіндер ретінде қарастырылған (54-55 бб.). Сонымен қатар бұл тұжырым «Қазығұрт» мифотопонимінің когнитивтік моделі мен «Ырғыз» атауының мифологиялық құрылымдағы үшқабатты когнитивтік моделін нақты кестеде көрсетумен дәлелденген (74-80 бб.). Зерттеу барысында Бұрқанбұлақ, Есік, Әулиесу, Жайық, Жер-Су сынды гидронимдерге компоненттік және этимологиялық талдау жасалып, олардың когнитивтік құрылымында сақталған мифтік білім айқындалған (85-94 бб.). Тривиалды емес. Қағидат жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген, мысалы: -Ономастикалық атаулардың танымдық моделі // Қарағанды университетінің Хабаршысы, Филология сериясы, №4(112), 2023 27-35 бб. -Ономастика мәселелерінің дискурстық қырлары // Ш.
--	--	--

Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. № 1, 2025. 136-150-бб.

Үшінші қағидат дәлелденді, себебі ономастикалық атаулар дискурстық бірлік ретінде өз дискурстық өрісін қалыптастырады деген тұжырымы «Ұмай ана» ономастикалық бірлігінің дискурстық өрісі нақты кесте түрінде ұсынылған (56 б.). Нәтижесінде «Ұмай ана» мифонимінің дискурстық бірлік, дискурстық құрал сипаты мен дискурстық рөлі талданған (52 б.).

Тривиалды емес. Қағидат жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген, мысалы:

-The Manifestation of Mythical Cognition in Toponyms: on the Material of The Turkic Languages// Eurasian Journal of Applied Linguistics. Vol. 10 (1) 2024. 92-103 p. Процентиль 84, Q 1.

- Мифологическое выражение топонима «Қазығұрт» в языковом сознании (на материале казахского языка) // Филологический аспект, № 08 (76), Нижний Новгород, Август, 2021 г. - С. 53-63.

Төртінші қағидат дәлелденді, себебі ономастикалық дискурс – этнос санасында тарихи түрде қалыптасқан, кеңістікті тану мен меңгерудің лингвомәдени көрінісі болып табылатын атаулар жүйесі екендігі нақты мифогидронимдердің ішкі құрылымы мен символдық мәнін талдауда негізгі бес сипаты (аналық бейне, аналық архетиптік сипаты, семантикалық-символдық мазмұны, сакралды сипаты) анықталған (95-101 бб.).

Тривиалды емес. Қағидат жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген, мысалы:

-Phytonyms of the Kazakh Steppe Reflecting the Culture and

Sacred Awareness// Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2023, 9(2), 142–150 p. Процентиль 84, Q 1.

Бесінші қағидат дәлелденді, себебі ономастикалық дискурста есімдер тек атау ғана емес, мәдени-әлеуметтік кодтардың көрінісі болатындығы нақты «Ұмай-ана» онимін талдаумен сипатталған (59-61 бб). Есімдерді дискурстық аспектіде талдау ат қоюда ұлттық дәстүр мен жаһанданудың тартысы жүріп жатқанын, қазіргі есімдердің ономастикалық дискурсына сипаттама беру арқылы талдау жасалған. Есімдердің дискурстық құрал ретіндегі мағыналық қызметтерін (идентификациялық, құндылық бағдар, әлеуметтік мәртебе көрсеткіші), есімдердің дискурстық құрал ретіндегі мағыналық қызметтерін (символдық және риторикалық), есімдер қалыптастыратын әлеуметтік рөлдерді (әлеуметтік мәртебе, гендерлік рөл) деп қарастырған (110-114 бб.). Тривиалды емес. Қағидат жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген, мысалы:

-Связь фитонимов с мифическими текстами (на основе материалов казахского языка) // Современное педагогическое образование, № 5, Москва, 2021 г. - С. 224-231.

Алтыншы қағидат дәлелденді, себебі сауалнама негізінде есімдер мен атауларға берілген эмоциялық бағалар берілді (117 б.), ономастикалық дискурс негізінде респонденттер жауаптарының лингвистикалық ерекшеліктері ұсынылған (119 б.), есім мен тағдыр арасындағы байланыс ономастикалық дискурс аспектісінде талданған (121 б.), сауалнама материалдарын талдау негізінде ғылыми-практикалық

			ұсыныстар ұсынылған (129-130 бб.). Тривиалды емес. Қағидат жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген, мысалы: -Антропонимдердің халықтық лингвистикада түсіндірілуі // Абылай хан атындағы ҚХКЖӘТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы, №4(71), 2023. 184-195 бб.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған (69-76 бб.). Зерттеу жұмысында жалпы ғылыми әдістер – бақылау, салыстыру, жалпылау, талдау, қорытындылау; ономастикалық бірліктердің дискурстық мәнін айқындау мақсатында дискурстық талдау, мәнмәтіндік талдау, прагматикалық талдау әдісі, ономастикалық бірліктерге танымдық (когнитивтік) және концептуалды талдау, этимологиялық талдау, құрылымдық талдау және лингвистикалық эксперимент (сауалнама) әдістері тиімді пайдаланылған және диссертант өз тарапынан Ырғыз топонимінің этимологиялық талдауын ұсынған (76-77 бб.).
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертант қазіргі тілдік тұлғалар арасында есім мазмұнында бекітілген тіл мен мәдениет, тарихи таным мен жеке қабылдау арасындағы байланысты зерттеу

	1) <u>ия;</u> 2) жоқ.	мақсатында сауалнаманы Google форматта ұйымдастырып, сауалнама жауаптарын пайыздық үлесі бойынша талдап, диаграммаға түсіріп ұсынған (116-117 бб., 122 б., 125-128 бб.).
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (57 б.). «Ұмай ана» мифонимі негізінде онимдердің тілдік санада өзектелуін айқындауға арналған үш түрлі эксперимент (сауалнама) жүргізіліп, балаға есім берудегі ата-аналар ұстанымдары мен оған ықпал ететін мәдени-танымдық, тарихи және жеке факторлар зерделеніп, нәтижелері талданып, нақты ұсыныстар берілген. Диссертант жүргізген тәжірибелік зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің танымында «Ұмай ана – Тәңірлік образ (Құдай әйел)» мазмұнындағы мәтін ғана өзектеліп отырғаны анықталған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде келесідей еңбектерге сүйенген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынып, сілтемелермен расталған: ономастика мәселелерін дәстүрлі құрылымдық тұрғыдан талдаған зерттеулер, жеке топонимдер мен антропонимдерге этимологиялық этюдтер А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Досқараев, С.А.Аманжолов, А.Ысқақов т.б., этимологиялық теория Я.Гримм, Ф.Бопп т.б., семиотикалық аспектіде Ф. де Соссюр, Ч.Пирс т.б., жүйелі ономастикалық зерттеулер

		Ғ.Қ.Қоңқашпаев, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақов, Ә.Т.Қайдаров, В.Н. Попова т.б., ономастикалық мәселелерді функционалды-прагматикалық қырынан талдаған еңбектер Е.А.Керімбаев, В.У.Махпиров, Б.Бектасова, М.Қожанов, Н.В. Васильева, Д.Остин, Д.Серл т.б., психоллингвистикалық Т.В.Линко, Е.Л. Березович, И.С. Карабулатова, Л.М. Дмитриева т.б., әлеуметтік лингвистикалық З.К. Ахметжанова, О.Б.Алтынбекова, М.К.Исаев, А.Е.Карлинский, С.И.Исабеков, М.М.Копыленко т.б., этнолингвистикалық және лингвомәдени А.А.Абдрахманов, Г.Б.Мадиева т.б., когнитивтік Г.Б.Мадиева, Т.Коньров, Қ.Қ. Рысберген, Е. Керімбаев, Г.Сағидолда т.б, ономастиканы дискурс теориясы қырынан зерттеген Е.Ю.Позднякова, М.В.Горбаневский, В.О. Максимов т.б., ономастикалық дискурсты мифологиялық қырынан қарастырған жұмыстар К.Г.Юнг, С.Қондыбай, Б.Ақбердиева, К.Қ.Садирова т.б., дискурс теориясына қатысты зерттеулер Ф. де Соссюр, К. Леви-Стросс, М.Фуко, Т. ван Дейк, Р.Водак, Д.Батлер, С. Холл, Ю.Н.Караулов, Н.Д.Арутюнова, А.А.Кибрик, В.И. Карасик, Е.С. Кубрякова, М. Стабс, Д.Кэмерон, З.Ш.Ерназарова, Қ.Ө. Есенова, Б.А.Ахатова, Г.Н.Смағұлова, Б.С. Жұмағұлова, Г.Б.Қалиев, Г.Бүркітбаева, Н.Уәли, Е. Әлкебаева, Ж.М.Кеншінбаева т.б.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды қосқанда 168 әдебиет қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық

			жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген. Диссертант зерттеу жұмысында соңғы жылдары жарияланған ғылыми нәтижелер мен беделді басылымдармен жұмыс жасай білетіндігі байқалады. Диссертациялық жұмыстың дәлелдемелері визуалды ақпараттармен толықтырылған, диссертацияда 11 сурет, 27 кесте қолданылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u>; 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелері ономастикалық дискурсты когнитивті-дискурстық талдау тұрғысынан тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері ономастика мен дискурс теориясының тоғысында пайда болған ономастикалық дискурс бағытын жетілдіруге үлес қосып, жаңа теориялық-методологиялық негіз болады. Когнитивті-дискурстық парадигма негізінде ұсынылған терминдер ономастиканың дискурстық метатілін байытып, келешек ғылыми зерттеулерге бағыт-бағдар бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы зерттеудің теориялық тұжырымдарын лингвистикалық пәндерді оқытуда пайдалану мүмкіндіктерімен айқындалады. Зерттеу ономастикалық атаулардың когнитивтік, мәдени және мифологиялық аспектілерін түсінуге, тілдің әлеуметтік-идеологиялық қырларын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің тілдік материалдарын түрлі сөздіктер құрастыруда, оқу құралдары мен оқулықтар, магистрлік және докторлық диссертациялар жазуда пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар

		ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	толығымен жаңа болып саналады. Өйткені ономастикалық дискурс аясында дискурстық бірліктерді (ономастикалық атауларды) талдаудың үлгілері болашақ зерттеулерде тиімді қолдануға жарамды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы өте жоғары деңгейде орындалған, ғылыми терминдерді және ұғымдарды орынды қолданған. Р.Б. Жазыкованың диссертациялық жұмысы тұтас құрылыммен ерекшеленеді. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Диссертацияда берілген 11 сурет және 27 кесте мазмұнды және талапқа сай рәсімделген. Р.Б. Жазыкованың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. Ономастикалық дискурстың ерекшеліктерін анықтау мақсатына сай когнитивті-дискурсивті бағыттардың негізгі тұжырымдарын басшылыққа дұрыс алған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұнына байланысты ескертулер жоқ. Дегенмен жұмыста келесідей кішігірім қателер кездесті: <u>Зерттеудің мақсаты</u> деген сөз тіркесі екі рет жазылған (8 бет); Онимдердің дискурстық стратегияларға сай семантикалық тарнсформациялануы (67 б.); Болашақ зерттеу жұмысында медиадискурста ономастикалық бірлік ретінде бренд атауларының семиотикасы мен мәдени мәні және жаңалықтар мен мақалаларда атаулардың қалай ұсынылатынын зерделенсе деген ұсынысым бар.

			Айтылған ескертулер диссертация жұмысының мазмұнына, ұсынылған тұжырымдармен, олардың дәлелдемелеріне нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін бөріделейді)		Докторанттың ғылыми жарияланымдары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына толық сәйкес келеді. Диссертацияның негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері 9 мақалада жарияланған. Scopus халықаралық ғылыми дерекқорларына кіретін басылымда 2 мақала жарияланды: 1. The Manifestation of Mythical Cognition in Toponyms: on the Material of The Turkic Languages // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2024. – Volume 10 (1). – P.92-103. (авторлық бірлестікте: Садирова К.К., Есенова К.У., Сапина С.М., Мирон М.О., Абдирова Ш.Г.). Процентил 84% Q1). 2. Phytonyms of the Kazakh Steppe Reflecting the Culture and Sacred Awareness // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2023. – Volume 9 (2). – P.142-150. (авторлық бірлестікте: Садирова К.К., Орынбасаровна Т.З., Бактығалиевна Б.А., Гайдаевна А.С., Жанабаевна И.В., Сандыбаевна С.П.). Процентил 84% Q1). Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және Жоғары Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала жарияланды. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 4 мақала жарияланды. Диссертация жұмысы бойынша жарияланған барлық мақалалар зерттеудегі міндеттерді шешуге көзделген бөлімдерге сәйкес келеді.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)		Жазыкова Раушан Балғалиевнаның зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады және оның мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңылығы, алынған нәтижелері мен практикалық маңыздылығы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияда ономастикалық дискурс ерекшеліктері жан-жақты талданып, теориялық және эмперикалық тұрғыдан негізделген тұжырымдар жасалған. Жұмыс ғылыми-зерттеу әдістерінің талаптарына сәйкес орындалған және аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Жазыкова Раушан Балғалиевнаға «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.
-----	--	--	--

Рецензент:

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің қауымдастырылған профессоры, доктор PhD

aizhankurkim555@gmail.ru

10.06.2025



Куркимбаева Айжан Муратовна

Қойылған <i>А.М. Куркимбаева</i> қолтаңбасын растаймын Кадрлар бөлімінің инспекторы Подпись <i>Куркимбаева А.М.</i> Заверяю Инспектор отдела кадров
